



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

мәселесінен маңызды болуы.

Осы факторлар ТМД аумағындағы ақпараттық кеңістіктің дамуын тежеді және аймақтағы геосаяси жағдайды айқындады. Көптеген мамандардың айтуынша, қазіргі таңдағы ақпараттық интеграциялық процесстер әлі күнге дейін төменгі деңгейде; осы аймақтағы халықтың мәдени-тарихи қызығушылықтарды толтыра алмайды және тәуелсіз мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздік принциптерін сай емес. Бұл, әсіресе, әлемдік интеграциялық процесстермен салыстырғанда айқын байқалады. Еуропалық одақ мемлекеттерінде халықаралық ақпараттық кеңістікті кеңейту – маңызды мәселелердің бірі.

Қазіргі таңдағы жағдайға сәйкес ақпараттық саясат пен оның дұрыс іске асуы – ТМД мемлекеттері арасындағы интеграциялық процесстердің сәтті тереңдеуінің, коллективті қауіпсіздіктің дамуының қосымша стимулы. Ақпараттық саясаттың қалыптасуында халық пен қоғамның емес, мемлекет мүддесінің артықшылығы байқалады. Себебі халық үшін ойлардың әртүрлілігі, ақпарат көздерінің әр алуандығы, сенімді ақпаратқа қол жеткізу маңызды болып табылады. Сондықтан да ТМД мемлекеттеріне ортақ әрі тең ақпараттық кеңістікке қол жеткізу үшін әлі де көп жұмыс жасау керектігі сөзсіз.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Информационная политика ; под общ.ред. В. Д. Попова. М.: Изд-во РАГС, 2003. – 463 с.
2. Халипов, В. Ф. Власть. Политика. Государственная служба / В. Ф. Халипов, Е. В. Халипова, В. А. Ми-хайлов, И. А. Исаев. – М. : Академический проект, 2007. – 384 с.
3. Горбунов, В. К. Особенности технологий информационно-политического воздействия: потребности и возможные опасности / В. К. Горбунов, Е. Е. Федорова // Актуальные вопросы общественных наук: социология, политология, философия, история. – Новосибирск : Изд-во Сибак, 2014

УДҚ 338.2

### **ҚЫТАЙ ЖӘНЕ АҚШ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ АФРИКА ЕЛДЕРІНЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ (энергетикалық ресурстар)**

**Саханова Жанэла Сериковна**

[Zhanela.s@yandex.ru](mailto:Zhanela.s@yandex.ru)

Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ, Аймақтану мамандығының I курс студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі- Т.Т.Атаева

Әлемдік нарықта көптеген елдер отандық өнімдерімен тауар алмасып отырады. Бүгінде әлемдік тауар алмасуда даму қарқыны мен мәртебелік жоғарылауы жағынан сан қилы елдер кездесіп жатады. Соның ішінде өнеркәсібі дамыған, алып державалар бар. Олар әрине, АҚШ, Қытай Германия, Жапония, Франция т.б. сияқты елдер болып табылады.

Соның ішінде Қытай елі әлемдегі тұрақты экономикаға ие елдер қатарында. ҚХР экономикасы соңғы 30 жылда тұрақты өсіп келеді. 2010 жылы ЖІӨ көрсеткіші бойынша Қытай АҚШ тан кейінгі 2-орынға көтерілгенін барлығымыз білеміз. 2009 жылы ЖІӨ-нің көрсеткіші \$5,02 трлн-ды құрады. 2010 жылдың сәуір-маусым айлары деректері бойынша, Қытай Жапонияны осы көрсеткіш бойынша басып озды. Қытай ХХІ ғасырдың басында өнеркәсіптік өндіріс көлемі бойынша дүниежүзіндегі бірінші индустриялы алып державаға айналды. Қытай — әлемде көмір, темір, марганец, қорғасын-мырыш, сурьмян және вольфрам кендерін, сондай-ақ ағаш өндіру бойынша жетекші орынды алады. Сондай-ақ ҚХР аумағында мұнай, газ, уран өндіру жүргізіледі. Қытайда сирек кездесетін металдар (молибден, ванадий, сүрме) қорының 37%-ы орналасқан. ХХ ғасырдың 80-ші жылдарындағы қомақты инвестициялар нәтижесінде, осы қазбаларды өндірудің Қытайға

95 %-ы тиесілі. Жалпы өндірістік қуаты бүкіл әлемнің саудасын өзіне тәуелді етіп отыр. Ал сарапшы экономистер алдағы он жылда Қытай экономикасы ең озық болатынын айтады. Қазіргі кезеңдегі геосаясатта Қытай Халық Республикасына теңдесі жоқ экономикалық өсу есебімен құрылуда. Келесі онжылдықта Қытай жалпы ұлттық өнімнің көлемі бойынша АҚШ-ты басып озады деген жорамал бар. «Үлкен Қытайдың» (ҚХР, Гонконг, Тайвань) экспорты жапондардан асып түседі. Қытайдың қаржы қорының көрсеткіштері (403,3 млрд доллар) дүние жүзі бойынша тек қана Жапония мен Тайваньға орын береді. Қытайдың жаһандық стратегиясының басымдылығында жақын көршілерімен қарым-қатынас тұрақтандыру және ғаламдық лидерлермен бейбіт қарым-қатынаста болуын ескере отырып, қытайлық реформалар мен ашық саясат жүргізуде халықаралық қолайлы жағдайлар қамтамасыз ету орын алады. Ху Цзиньтао жаңа басшылығымен ҚХР-ң алдында «тарихи әділеттілікті қайта жаңғырту және Қытайдың маңыздылығын жандандыру» міндеті тұр [1].

Сонымен қатар әскери-саяси міндеті – мемлекетке Тайваньды қайтару, Қытайдың Тибет пен Синьцзян (Шығыс Түркістан) тәуелсіздігіне кепілдік беру; ұлттық территория шеңберінен Қытайдың стратегиялық шекарасын көшіру. Сол арқылы, ҚХР сыртқы саясаты тікелей елдің ішкі саяси және экономикалық дамуымен байланысты. Теңдесі жоқ Қытайды экономикалық деңгейі Пекиннің сыртқы саяси және геосаяси амбициясын ынталандырады. Жаһандық экономиканың бөлігі болуға бағытталған Қытай Халық Республикасының жаңа экономикалық стратегиясына жаңа сыртқы саяси бағыт сәйкес келеді. Оның мазмұны жалғыз держава ретінде АҚШ-пен әріптестік стратегиялық қарым-қатынас орнату мен көпжақты дипломатия механизмінің көмегімен Қытайдың глобалды және аумақтық мәнін өсіруінде орын алады.

Енді осы орайда АҚШ мемлекетінің дамуына көз жүгірте кетсек. Америка халқының ептілігі мен прагматизмі экономиканың күрт дамуына әкелді. Өзгеріс байлықтың артуына, технологиялық жаңалықтарға немесе басқа елдермен арадағы сауда қатынастың өсуіне байланысты болса да, АҚШ экономикасының тарихында тұрақты болып келді. Осының нәтижесінде, кезінде ауыл шаруашылығы дамыған мемлекет осыдан 50тіпті 100 жыл бұрынғымен салыстырғанда бүгінде толық немесе жартылай қалаландырылған елге айналды. [Қызмет көрсету салаларының](#) дәстүрлі өндіріс салаларынан әлдеқайда маңыздылығы артты. Өнеркәсіп салаларының басым көпшілігі жалпылай өндірістен тұтынушы сұранысын өтейтін маманданған өндіріске көшті. Ірі корпорациялар бөлініп, бірігіп, жаңа тәсілдермен қайта құрылды. Сөйтіп, жиырмасыншы ғасырдың ортасында болмаған жаңа өндірістер мен компаниялардың бүгінде ел экономикасы үшін маңызы зор. Жұмыс берушілер жағдайға бейімделгіш, ал қызметкерлер барған сайын дербес бола бастады. Үкімет пен бизнес басшылары барған сайын: «Кәсіби әрі икемді жұмыс күшін құру - болашақта ел экономикасының табысты болуының кепілі» - деп атап көрсетуде. Ішкі жалпы өнім аталған жыл мерзімінде өндірілген өнім мен қызмет көрсетудің жалпы көлемін анықтайды. Құрама Штаттардың ішкі жалпы өнімі [1983](#) жылдағы \$3,4 триллионнан 2011 жылда \$13,6 триллионға дейін өсті.

Қазіргі кездегі халықаралық қатынастарда Африка жері ерекше және маңызды орынға ие. Оның негізгі себептері: біріншіден, Африкадағы 50-ден астам мемлекет БҰҰ мүшесі болып табылады. Екіншіден, Африка табиғи ресурстар қорына өте бай. Сонын ішінде: мұнай, газ, көмір, руда, ағаш, тас, сүйек т.б. ресурс көздері жатады. Оларға қол жеткізу-экономикалық дамуды қамтамасыз етеді. Үшіншіден, Африканың көп мемлекеттері сыртқы экономикалық көмекке мұқтаж, яғни 50 мемлекеттің 31-і. Төртіншіден, бұл аймақтарда нашар даму, инвестиция, технология, инфрақұрылым және кадрлардың жетіспеуі орын алады. Осыдан қорытындыны шығаратын болсақ, Африкалық бағыт тек Қытай мен АҚШ-тың ғана емес, сонымен қатар Еуропа елдерінің де халықаралық дамуына жол ашады [2].

Америка Құрама Штаттары Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі деколонизациялау саясатынан кейін ғана Африка жері үшін күреске кірді. 1960 ж. Африка отарлары босатылып және БҰҰ шешімі бойынша сол жыл Африка жылы деп жарияланды. Қырғиқабақ соғысы кезінде американдық үкіметтің құрлықтағы әскери-стратегиялық мүдделері арта түсті [3].



90-шы жылдарда Америка Құрама Штаттарының Африкаға бағытталған саясаты өзгерістерге ұшырады: бірінші орынға африкалық мемлекеттердің ыдырауына жол бермеу мәселесі көтерілді. Себебі бұл бүкіл әлем бойынша есірткінің, терроризмнің және заңсыз көші-қонның таралуына әкелуі мүмкін еді. Сонымен қатар АҚШ аймақтағы экономикалық қатысуын кеңейтіп, Америкалық корпорацияларға қолайлы ортаны қалыптастырды.

XXI ғасырдың басында Америка Құрама Штаттары Африкадағы өз позициясын айтарлықтай нығайтты, олар өзіне Алжирдің Жерорта теңізіне, НАТО бастамасымен, кіруіне қол жеткізді, Нигериямен қарым-қатынастарды нығайтуы және құрлықтағы барлық ұлттық жеке бизнесті жылжытуға кірісті.

2000 жылдың мамыр айында АҚШ конгресі Африкадағы экономикалық мүдделер мен сауда мүмкіндіктеріне арналған заң жобасын қабылдады, ол Қара құрлықта американдық мүдделерді жүзеге асыруға ықпал етті. Африка елдерінен импорттың көбеюіне ықпал етті және Африкадағы тікелей АҚШ инвестиция ағымының артуына әкелді.

2015 жылдың маусым айында қолданысқа енген бұл заң тағы 10 жылға ұзартылып және бүгінгі күнге дейін АҚШ аймағындағы негізгі сауда-экономикалық қатынастардың бірі болып табылады. Континент үшін шайқастағы жағдайды қалпына келтіру үшін Барак Обама 2015 жылдың шілдесінде Шығыс Африкаға сапарын жасады, сапардың маңызды нәтижесі ретінде Кенияның президенті Ухуру Кениатпен бірге американдық көшбасшының сыбайлас жемқорлықпен бірлесіп күресу туралы келісімі, сондай-ақ Құрама Штаттарға қосымша қаржыландыру және қауіпсіздік күштеріне көмек көрсету туралы келісім жасайды [4].

Алайда, Вашингтон ықпалын жоғалтуда. Қазіргі уақытта Қытайдың экономикалық континентте қатысуы, Құрама Штаттардан жағдайын тежеуде. Қара құрлық жері әлі күнге дейін АҚШ-тың мұнай мен газ импорттаушы, және стратегиялық маңызды аймақтар ретінде қарастырылады.

ҚХР-де өз кезегінде, аймаққа араласуын күшейтуде.

**Соңғы жылдары Қытайдың Африка елдерімен арада экономика-сауда салаларындағы қарым-қатынасын күрт күшейтуі, әлемдегі ірі ақпарат көздерінің басты тақырыптарының біріне айналды.** Дегенмен, Қытайдың экономикалық және саяси жағынан Африкаға жақындауына нақты қадамдар жасалды. Олардың ішінде, Тазара (Танзания-Замбия) темір жолының құрылысы (жобаның құны 500 миллион долларға жуық), соңғы жылдары мәдени революцияның шектеулі қаржы ресурстарына қарамастан, 1976 жылы аяқталған ең ауқымды жобалардың бірі болып табылады. Қырғи-қабақ соғыс кезінде Қытай Африкадағы, Алжирдің, Конго, Мозамбик, Родезияның сол жақ қарулы топтарын қоса, Африкадағы партизан мен босату қозғалысына әскери көмек көрсетіп отырды. Мао қайтыс болып, Дэн Сяопин билікке келген кезде Қытайдың Африкаға деген қызығушылығы төмендеді. Оның себебі: Қытай ішкі яғни өз мемлекет ішіндегі жаһандану саясатына көшуі себеп болды. Тек 1990 жылдардан бастап қана Африка сыртқы саясаттың негізгі нысанына айналды. Бұның негізгі себептері ретінде:

- Тяньаньмандағы оқиғалардан кейінгі халықаралық беделді қалпына келтіру;
- Африкалық пайдалы қазбаларды бірлесіп игеруге қызығушылықтың артуы;
- Аймақаралық дипломатияның мүмкіндіктеріне деген сенімнің артуын атап көрсетеді.

2007 жылдың басынан бастап Қытай «арнайы экономикалық аймақтарды» құруға арналған ірі жобаны іске қосты. Алғашқы «арнайы аймақ» Замбиядағы «мыс белдеуінде» құрылды. Екінші - Маврикий аралында, бұл аймақтар сауда орталығы ретінде қызмет ететін болады.

2009 жылдың қараша айында Қытай-Африка саммиті Египеттегі Шарм әл-Шейх қаласында болып өтті. Оның негізгі нәтижесі - Бейжіңнің минералды қорларды жеткізуге және Қытайдан компаниялармен инфрақұрылым құрылысына келісім беру үшін Африка еліне 10 миллиард доллар несие бөлу туралы шешім қабылданды. Саммиттің қорытындысы бойынша Қытай өзінің шикізатпен экономикасын қамтамасыз етіп, сонымен қатар Африканың жұмысын жоғалтқан миллиондаған қытайлықтарды жұмысқа орналастыруға мүмкіндік берді [5].

Соңғы жылдары Пекин Африкаға ену тактикасын жүйелі түрде өзгертті. Жеңілдік несиелерін берудің орнына, Қытай инфрақұрылым объектілерін салу мақсатында несиелер беруді бастады. Африкадағы Бейжіңнің жаңа экономикалық саясаты Африканың жетекшілеріне пайдасы зор, өйткені олар жаңа құрылыс жобаларын өздерінің жеке қасиеттері ретінде танытып, елде танымал болуда. Сонымен қатар жергілікті тұрғындар құрылыс алаңдарында қосымша ақшалай қаражат табу мүмкіндігіне ие болуы, қосымша кіріске айналады. Қытай Африкадағы саясаттың арқасында көптеген табыстарға қол жеткізуде.

Атап өтетін болсақ, біріншіден, құрылыс бағдарламаларын қаржыландыру арқылы Пекин өзінің экономикасына маңызды африканың жер ресурстарына қол жеткізуі.

Екіншіден, Қытайдың жалғыз талабы - барлық келісімдерді қытайлық компанияларға беру. Шын мәнінде, бұл қытай экономикасының қосымша өсуін білдіреді, ал африкалықтар өз елдерінде өздерін дәрменсіз көрермен ретінде қалуы.

Үшіншіден, мұндай экономикалық саясаты, Қытайдың қарапайым африкалықтардың өмірін жақсартуға бағытталған «жақсы қамқоршы» ретінде ұсынуға мүмкіндік береді. Тағы бір маңызды сәт: Пекинге миллион долларлық қарыздар АҚШ долларымен беріледі, бұл ҚХР-ға осы валютаны және американдық құнды қағаздарды біртіндеп шикізатпен алмастыруға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта ҚХР басшылығы АҚШ-тың құнды қағаздарының құнсыздану перспективасына қатты алаңдаулы.

**Алайда Қытайдың бұл саясаты АҚШ пен Еуропалық Одақты азиялық алпауыттың ғасырлар бойы кедейшіліктің қамытынан шыға алмай жатқан Африкаға бет бұрып, үстін-үстіне миллиардтап қаржы құюы қатты алаңдатып отыр.**

АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Рекс Тиллерсон Африкаға барған сапарында, Қытайды африкалық елдерді «ашық келісімшарттарға, несиелендіру және жемқорлыққа байланысты деп айыптап, бұл барлық экономикалық өсуге және жұмыспен қамту деңгейіне теріс әсер ететінін мәлімдеген болатын. Нәтижесінде Қытайдың Африка жеріне енуі Еуропа мен АҚШ тың көңілінен шығып жатқан жоқ, Себебі, тек АҚШ пен Еуропа ғана бұл континентті жоғалтып алу, яғни өз позицияларынан айырылуы қаупі төнуде. Және өз позицияларын сақтап қалу үшін көп нәрсе жасай алмайды. Бұрынғы монополистер бола тұрып, батыстық компаниялар, африкалық көшбасшыларға саяси талаптарды орындату мүмкіндігінде болса, бүгінде Африка елдері экономикалық көмек ретінде тек Қытайға жүгінеді. Қалай болғанда да Африка елдерінің халқы Қытайға жақын тұруының де өз себептері бар. Жүргізілген зерттеулер бойынша, қытайлықтар барлық ішкі және сыртқы істерге араласуы олардың тек шикі зат қана қызықтырмайтының бір айғағы сияқты.

Қорытындылай кететін болсақ, Африка жері үшін күрес күннен-күнге өрши түсуде. Осы күресте Қытай мен АҚШ Африканың ең маңызды әріптесі болып табылады. Қытай 20 жылдың ішінде Африканың ең ірі экономикалық серіктесіне айналды. 2018 жылы Қытай Африкаға инвестицияларын көбейтіп, континенттегі мемлекеттермен ынтамақтастық қарым-қатынасын жақсарту мақсатында. Ал АҚШ болса өз үстемдігін жоғалтып келеді. Осының салдарынан болашақта АҚШ пен Қытай арасында күрес ашық қақтығыстарға әкелуі мүмкін. Сондақтан, менің ойымша, АҚШ пен Қытай өз күштерін, қызығушылықтарын және мүдделерін біріктіре отырып жұмыс жасауы тиіс. Бұл Африкадағы саяси және экономикалық институттардың дамуына ғана емес, сонымен бірге әлемнің екі ірі экономикасының дамуына қолайлы мүмкіндіктер туғызады.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қытай Халық Республикасының экономикасы  
[https://massaget.kz/okushyilarga/uy\\_tapsyirmasyi/28580/](https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/28580/)
2. Политика других государств мира в Африке  
<https://textbooks.studio/uchebnik-mejdunarodnie-otnosheniya/politika-drugih-gosudarstv-mira-24545.html>

3. China vs The USA. What will struggle for the dark continents resources lead to? <https://cyberleninka.ru/article/v/kitay-protiv-ssha-k-chemu-privedet-borba-za-resursy-chernogo-kontinenta>
4. Китай против США: к чему приведет борьба за ресурсы черного континента? <https://www.scienceforum.ru/2016/1834/22592>
5. Перспективы развития Китайско-Африканских отношений (по материалам шестого форума сотрудничества «Китай-Африка») <https://cyberleninka.ru/article/n/perspektivy-razvitiya-kitaysko-afrikanskih-otnosheniy-po-materialam-shestogo-foruma-sotrudnichestva-kitay-afrika>

УДК339.5: 339.92

## ЖІБЕК ЖОЛЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛДЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Сәрсенбай Айнұр

[aunur\\_97.07@mail.ru](mailto:aunur_97.07@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Аймақтану мамандығының 4 курс студенті  
Ғылыми жетекшісі – Қ.Ғ.Даркенов

Марко Полоның Қытайға сапарындағы қиял-ғажайып әңгімелерінен бастап, Жібек жолы әрдайым шынайы қызығушылық оятады. Көптеген сарапшылардың мәліметінше Жібек жолы экономикалық белдеу жобасы Еуразияда ықпал ету үшін Батыс пен Шығыс арасындағы шайқасқа қарсы жауап ретінде қарайды. Бұл өршіл жоспар тарихи Жібек жолын қайта жандандырып, Шанхай мен Берлин арасындағы заманауи экономикалық және сауда дәлізіне айналады. Жаңа жол Қытай, Моңғолия, Ресей, Белоруссия және Германия жерін басып өтіп, ұзындығы 12 мың шақырымға жететін жаңа экономикалық зонаға айналады. Бұл жоба жылдам темір жолдарының, автокөлік жолдарының және трассалардың, энергетикалық ресурстарды тасымалдаушы желілердің, оптоалшықты жалғауыштардың құрылысын қамтиды. Осы жол өтетін қалалар мен порттарды қарқынды экономикалық өсу күтіп тұр. Бұл жахандық жобаның негізгі бөлігі – Орталық Азия және Үнді мұхиты арқылы Қытайды Парсы шығанағымен және Жерорта теңізімен байланыстыратын Теңіз Жібек жолы бағдарламасы. Құрылыс біткен соң жаңа жол Азия, Еуропа және Африка континенттерін байланыстыратын болады. Инфрақұрылым жобасының желісі дүниежүзіндегі ең алып 21 млрд. АҚШ доллары көлемінде экономикалық дәлізді құрап, 4,4 млрд. адамды қамтымақшы.

Шамамен 800 жыл бұрын орын алған, Шығыс Азия, Орталық Азия және Жерорта аймағын байланыстырған тарихи «Жібек жолымен» қайта байланыс орнатуды ҚХР жоспарлады. Сауда жолдарының кең қарым-қатынасы тек қана сауда ауысымын ғана қадағалап қоймай, мәдени, идеялармен бөлісу және Батыс пен Шығыс саясатындағы ықпалды да аңғартты. Осы дәстүрге сай Шығыс пен Батысты қайта біріктіру мақсатында Қытай жолдар, теміржол желісі, құбыр жолдары, порттар және өнеркәсіптік дәліздер салуды көздеді. Бұдан бөлек, Пекин сыртқары Шығыс Африка, Таяу Шығыс және Еуропамен тығыз қарым-қатынас орнатуды да ескеріп өтті. **2013 жылы ҚХР төрағасы Си Цзиньпиннің Қазақстанға ресми іс-сапары барысында Назарбаев Университетінде Жаңа Жібек жолы бастамасы жарияланған болатын. 2014 жылы қазанда Қытай теңіз және құрлықтық жобаның дамуына бағытталған, қоржынында \$40 млрд көлемінде қаржы бар инвестиция қорын құрды. Батыс сарапшыларының мәліметінше Жібек жолы экономикалық белдеуі тек қана транзиттік-көліктік жоба ғана емес, сондай-ақ территориясында инфрақұрылым, өнеркәсіп, сауда, қызмет көрсету салалары дамып жатқан сан алуан мемлекеттерді экономикалық тұрғыда нығайтуға жәрдемдесетін жоба.** Сондай-ақ 2015 жылы құрылып, Ресей көш бастаған Еуразиялық экономикалық